

«Астананың күнделігі» облыстық шығармашылық байқауды өткізу қағидалары

I. Жалпы ережелер

Еліміздің бас қаласы – Астананың 20-жылдығын кеңінен насихаттау жөніндегі үздік жарияланымдарға «Астананың күнделігі» атты облыстық шығармашылық байқау (бұдан әрі – байқау).

Байқауды өткізу шарттары, жұмыстарды бағалау критерийлері, байқау жеңімпаздарын іріктеу және марапаттау тәртібі осы Ережемен анықталады.

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) байқаудың ұйымдастырушысы болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының Интернет-ресурсында байқау өткізу туралы хабарландыру жарияланады.

Байқау екі тілде өткізіледі (қазақ және орыс).

II. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

- Тәуелсіздіктің басты нышаны ретінде Астананың айрықша мәнін ілгерілету;
- қазақстандықтардың қоғамдық санасында елорда бейнесін Қазақстанның қасиетті орталығы ретінде қалыптастыру;
- Ел Президентінің "Рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында баяндалған қазақстандық мемлекеттілік, қоғамның шоғырлану құндылықтары, бейбітшілік пен өркендеу, қоғамдық сананы жаңғырту идеясын нығайту;
- 10-11 сынып оқушыларын, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларын ғылыми қызметке тарту;
- тақырыптың ауқымдылығы мен басымдылығы көрсетілген ең үздік шығармашылық жұмыстарды анықтау;
- жоғары сынып оқушыларына, студенттерге және оқушыларға өз күштерін сынауға, шығармашылық дарындарының ашылуына мүмкіндік беру;
- жастарды патриоттыққа, астананың тарихында болып жатқан атаулы оқиғаларға ат салысуға тәрбиелеу.

III. Байқаудың номинациялары

- бейнероликтер байқауы (ұзақтығы 3 минутқа дейін уақыт беріледі), мазмұны тақырыпқа сәйкес болу керек;
- фотоальбомдар байқауы (көлемі 10x15, кемінде 15 фото) мазмұны тақырыпқа сәйкес болу керек;
- шығармалар байқауы, тақырыпқа сәйкес болу керек.

Байқау жұмыстарының тақырыптары Қазақстан астанасының құрылу тарихын, оның дамуын, "Астана ЭКСПО-2017" халықаралық мамандандырылған көрменің туризмді дамытудағы рөлін тұтастай қамтуға тиіс.

Ұсынылатын тақырыптардың тізімі:

- Астана - Қазақстан мәдениетінің, өркениетінің жаңа нышаны;
- Астана - тәуелсіз Қазақстанның нышаны;
- Қазақстан тарихы Астана көшелерінің атауында.

Байқауға қатысушылар байқаудың негізгі мақсаттарына сәйкес, өздерінің жеке тақырыптарын ұсыналады.

IV. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

Байқауға 16-23 жас аралығындағы жастар қатыса алады.

Байқауға қатысушылар тек бір ғана шығармашылық жұмысын ұсыналады.

Байқауға ұсынылған жұмысы Интернет желісінде немесе басқа да қоғамдық қол жетімді көздерде жарияланбауы тиіс.

V. Байқау жұмыстарын ұсыну талаптары мен өткізу тәртібі

1. Байқауға қатысу үшін шығармашылық жұмыстары қағаз және электронды түрде тапсырылады. Байқау жұмысына қатысушы туралы мәлімет қосымша бөлек бет болып жалғануы тиіс: тегі, аты-жөні, туған жылы, білім алатын оқу орнының атауы, байланыс телефондары (үй телефоны, ұялы байланысы, электрондық поштасы), шығармашылық жетекшісі туралы мәлімет (аты-жөні, лауазымы).

2. Барлық жұмыстар байқау ұйымдастырушысымен тіркеледі.

3. Шығармашылық жұмыстың нысаны мен мазмұнының бірыңғайлығы, мағынасының тұтастығы, жазылу мәтінінің байланыстылығы мен қисындылығы, тіл, лексика, грамматика және орфография нормалары сақталуы тиіс.

4. Шығармашылық жұмыстың негізгі (титулдық) беті Times New Roman қарпімен, 14 өлшеммен және 1,5 см жоларалық интервалмен ресімделуі тиіс.

5. Шығармашылық жұмыстың жоспары құрылуы тиіс.

6. Шығарма жұмысы Microsoft Word мәтін редакторымен, Times New Roman қарпімен, 14 қаріп өлшеммен және 1,5 см жоларалық интервалымен ресімделуі тиіс.

7. Байқау жұмысының көлемі - А4 форматының 3-5 және одан көп баспа бетінен тұруына рұқсат беріледі (негізгі бет пен пайдаланылған әдебиетті қоспағанда) және мәтін материалы бет бойынша нөмірленуі қажет.

8. Шығарма жұмысын жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі алфавит ретімен ресімделіп, әдебиеттің нөмірі шығарма мәтінде сілтеме жасау арқылы көрсетілуі тиіс.

9. Шығарма жұмысын қатысушы жеке өзі жазуы тиіс.

VI. Байқау жұмыстарының бағалануы

Шығармашылық жұмыстарды, байқауды ұйымдастырушылар мен жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар қауымы және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері кіретін комиссия мүшелері бағалайды.

Байқау комиссиясы ұсынылған жұмыстарды төмендегі критерийлер бойынша бағалайды, жеңімпаздарды марапаттау және ынталандыру туралы шешім шығарады:

- байқау тақырыптарына сәйкестігі;
- байқау мақсаттарына сәйкес мазмұнының қисындылығы;
- тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі;
- өзектілігі;
- тақырыпты өз бетімен талқылап, өз ой-пікірін келтіру;
- безендіру эстетикасы мен ерекшелігі.

VII. Қорытынды шығару және байқау қатысушыларын марапаттау

Байқауды өткізу мерзімі: 2018 жылдың наурыз-шілде айлары.

- 1 кезең: 2018 жылдың 1 наурызынан 15 маусымға дейін жұмыстарды қабылдау жүргізіледі (әрбір келіп түскен шығарма жұмысына тіркеу нөмірі беріледі);

- 2 кезең: 2018 жылдың 16 маусымы мен 28 маусымы аралығында – жұмыстарды қарау және пікір білдіру, яғни келіп түскен шығармашылық жұмыстарды «плагиатқа» және жазылған мәтіннің интернет желісінде болу-болмауы тексеріліп, нәтижесінде байқау қорытындысы шығарылады;

- 3 кезең: комиссия дауыс беру арқылы әрбір деңгей бойынша ең үздік шығармашылық жұмысты ұсынады.

2018 жылдың 3 шілдесінде - комиссия хаттама толтыру арқылы байқауды қорытындылайды және салтанатты түрде ең үздік шығармашылық жұмыстарды марапаттайды.

Байқау жеңімпаздары Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы басшысының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталады;

Ең үздік жұмыстар Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының интернет-ресурсында жарияланады.

VIII. Байланыс ақпараты

Байқау жұмыстары *«Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы»* ММ ұсынылады. *Қостанай қ., Гоголь к-сі, 75, каб. 229,*
Байланыс телефондары: 8 (7142) 50-39-66, 50-19-44 (тел/факс)
B.Suleimenova@kostanay.gov.kz.

«Астананың күнделігі»
облыстық шығармашылық
байқауын өткізу
қағидаларына қосымша

**«Астананың күнделігі»
облыстық шығармашылық байқауға қатысу үшін өтінім**

1. Т.А.Ә. _____
2. Жасы _____
3. Қала/аудан _____
4. Оқу/жұмыс орны _____
5. Білімі _____
6. Мекенжайы _____
7. Байланыс телефоны _____
8. Қосымша ақпарат _____
9. Фотосурет (электрондық нұсқасымен бірге)

Күні

Ескерту: қатысу үшін өтінім электрондық түрде толтырылады.

Правила проведения областного творческого конкурса «Дневник Астаны»

I. Общие положения

Творческий конкурс на лучшее освещение 20-летия столицы главного города нашей страны Астана «Дневник Астаны» (далее – Конкурс).

Условия проведения Конкурса, критерий и порядок оценки работ, отбора и награждения победителей Конкурса определяются настоящим Положением.

Организатором конкурса является Управление по развитию языков акимата Костанайской области (далее – Управление).

Объявление о проведении конкурса публикуется на Интернет-ресурсе Управления по развитию языков акимата Костанайской области.

Конкурс проводится на двух языках (казахский, русский).

II. Цели и задачи конкурса

- продвижение особого значения Астаны как главного символа независимости;

- утверждение в общественном сознании казахстанцев образа столицы как сакрального центра Казахстана;

- укрепление идеи казахстанской государственности, ценностей консолидации общества, мира и процветания, обеспечения модернизации общественного сознания, изложенных в программной статье Президента страны "Рухани жаңғыру";

- привлечение учащихся 10-11 классов, студентов высших и средне-специальных учебных заведений к научной деятельности.

- выявление лучших творческих работ, в которых описана масштабность и приоритетность темы;

- дать возможность старшеклассникам, студентам и учащимся попробовать свои силы, раскрыться творческими способностями;

- воспитание молодежи к патриотизму, сопричастности к истории столицы.

III. Номинации конкурса

- конкурс видеороликов (продолжительность до 3-х минут), содержание которых соответствует тематике конкурса;

- конкурс фотоальбомов (размером 10x15, не менее 15 фото), содержание которых соответствует тематике конкурса;

- конкурс сочинений, содержание которых соответствует тематике конкурса.

Темы конкурсных работ должны в целом охватить историю становления столицы Казахстана, ее развития, роль международной специализированной выставки «Астана ЭКСПО-2017» в развитии туризма и.т.д.

Список рекомендуемых тем:

- Астана – символ новой культуры, цивилизации Казахстана;
- Астана - символ независимого Казахстана;
- История Казахстана в названии улиц Астаны.

Конкурсанты могут предложить собственную тематику, соответствующую основной цели конкурса.

IV. Требования к участникам конкурса

В конкурсе могут участвовать молодежь в возрасте от 16 до 23 лет.

Участник конкурса вправе подать только одну работу для участия в конкурсе.

Конкурсный материал не должен быть уже опубликован в сети Интернет или других общедоступных источниках.

V. Порядок и требования предоставления работ конкурса

1. Для участия в конкурсе работы предоставляются в бумажном и в электронном виде. К конкурсной работе следует приложить информационные данные об участнике: фамилию, имя, отчество, дата рождения, наименование образовательного учреждения, контактные телефоны (домашний тел, мобильная связь, e-mail адрес), данные творческого руководителя (ФИО, должность).

2. Все работы регистрируются организатором конкурса.

3. Учитывается единство формы и содержания, смысловая цельность, связность и логичность повествования, соблюдение языковых, лексических, грамматических и орфографических норм.

4. Титульный лист конкурсной работы должен оформляться шрифтом Times New Roman, размером 14, интервалом 1,5 см.

5. В конкурсной работе должен быть составлен план работы.

6. Конкурсная работа должна оформляться в текстовом редакторе - Microsoft Word, шрифтом - Times New Roman, размером - 14, интервалом – 1,5 см.

7. В объеме конкурсной работы допускается 3-5 печатных страниц и более А4 формата (с исключением титульного листа и использованных литератур), необходимо постранично пронумеровать текстовый материал.

8. В конкурсной работе список использованных литератур должен оформляться по порядку алфавита и порядковый номер литературы должен указываться в тексте в виде сноски.

9. Сочинение должно быть написано самостоятельно самим конкурсантом.

VI. Оценка конкурсных работ

Оценку конкурсных работ осуществляет комиссия, в состав которой входят организаторы конкурса и профессорско-преподавательский состав высших учебных заведений и представители средств массовой информации.

Комиссия конкурса оценивает работы, представленные на конкурс, и выносит решение о награждении и поощрении победителей, в соответствии со следующими критериями:

- соответствие теме конкурса;
- логика в изложении в соответствии с целями конкурса;
- полнота и глубина раскрытия темы;
- актуальность;
- самостоятельность суждений, отражение личного отношения к теме;
- оригинальность и эстетичность оформления.

VII. Подведение итогов и награждение участников конкурса

Сроки проведения конкурса: март-июль 2018 г.

- 1 этап конкурса: прием работ - с 1 марта по 15 июня 2018 г. (каждое поступившее сочинение получает регистрационный номер);

- 2 этап: с 16 июня по 28 июня 2018 г. – проверка работ т.е. поступившее сочинение проверяется «на плагиат», на наличие присланного текста или существенного числа его фрагментов в интернете, а также подведение итогов конкурса;

- 3 этап: комиссия путем голосования выдвигает лучшие работы в каждой уровневой группе.

Комиссия подводит результаты конкурса согласно протоколу и торжественно награждает победителей лучших конкурсных работ – 3 июля 2018 года.

Победители конкурса награждаются дипломами руководителя управления по развитию языков акимата Костанайской области и ценными призами;

Лучшие конкурсные работы будут опубликованы на интернет-ресурсе Управления по развитию языков акимата Костанайской области.

VIII. Контактная информация

Конкурсные работы предоставляются в ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области». г. Костанай, ул. Гоголя, 75, каб 229,

Контактные данные: 8 (7142) 50-39-66, 50-19-44(тел/факс)

B.Suleimenova@kostanay.gov.kz.

Приложение
к Правилам проведения
областного творческого
конкурса «Дневник Астаны»

**Заявка для участия в областном творческом конкурсе
«Дневник Астаны»**

1. Ф.И.О. _____
2. Возраст _____
3. Город/район _____
4. Место учебы/работы _____
5. Образование _____
6. Адрес проживания _____
7. Контактный телефон _____
8. Дополнительная информация _____
9. Фото (прилагается с электронной версией)

Дата

Примечание: заявка для участия заполняется в электронном виде.